

Шал ақын ауданында жер салығының базалық салықтық мөлшерлемелерін түзету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 35/3 шешімі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 582-бабының 1-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шал ақын ауданында жер салығының мөлшерлемелері Кодекстің 577 және 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен елу пайызға арттырылсын.

Осы тармақтың ережесі Кодекстің 581-бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының
төрағасы*

Қ. Жанғожинов